

**"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері"
туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі № 310 қаулысына
өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 18 маусымдағы № 477 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері"
туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі № 310 қаулысына
мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы
министрлігі туралы ережеде:

15-тармақта:

344) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"344) жайылымдық инфрақұрылым объектілерін дамыту мен реконструкциялау
және жайылымдарды суландыру жөніндегі іс-шараларды жүргізу жоспарларын әзірлеу
әдістемесін әзірлейді және бекітеді;"

мынадай мазмұндағы 345-1) тармақшамен толықтырылсын:

"345-1) жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі үлгілік
жоспарды әзірлейді және бекітеді;"

349) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"349) жайылымдарды қалпына келтіру, сақтау, ұтымды пайдалану және түбегейлі
жақсарту үшін жайылымдарға геоботаникалық зерттеп-қарау мен мониторингілеуді,
ғылыми-зерттеу, іздестіру және жобалау жұмыстарын жүргізуді ұйымдастырады;"

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

О. Бектенов